

**«Келісемін»**  
**Ішкі істер департаметі**  
**жергілікті полиция**  
**қызметінің бастығы**  
**полиция полковник**  
\_\_\_\_\_ **Н.Оразбаев**  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж.

**«Бекітемін»**  
**Атырау аймақтық дене**  
**тәрбиесі және спортты**  
**дамыту орталығының**  
**директоры**  
\_\_\_\_\_ **С.Жекенов**  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж.

**Қозғалыстың жас инспекторлары жасақтарының облыстық  
байқауларын дайындау және өткізу бойынша**

**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер.**

1. Қозғалыстың жас инспекторлары жасақтарының облыстық слеті (бұдан әрі - ҚЖИ слеті) облыстық орта жалпы білім мекемелерінің оқушылары арасындағы топтық біріншілік болып табылады.

2. Қозғалыстың жас инспекторы байқауының мақсаты:

Балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен жол-көлік оқиғаларын ескерту бойынша жұмыстарды жетілдіру және балалар арасындағы жол-көлік оқиғаларынан жарақаттануының алдын алу мәселелеріне мүдделі ведомстволардың, ұйымдардың және жұртшылықтың назарын аудару.

3. Қозғалыстың жас инспекторы байқауының міндеттері:

1) Жол қозғалысы ережелері бойынша оқушылар білімінің сапасын арттыру;

2) Білім органдарының және ҚЖИ жасақтарының балаларға жолда қауіпсіз жүру тәртібін насихаттау жөніндегі озық тәжірибені қорытындылау.

4. Қозғалыстың жас инспекторы байқауының ұйымдастырылуы:

3) Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметімен бірлесе отырып ААДТЖСДО ұйымдастырып, өткізіледі.

4) Қозғалыстың жас инспекторларының облыстық слеті осы ереженің талаптарына сәйкес өткізіледі.

**2. ҚЖИ байқауын өткізуді ұйымдастыру**

1. ҚЖИ слеті Атырау облысының жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары арасындағы жеке командалық біріншілік болып табылады және 5 кезеңде өткізіледі. - бірінші кезең (іріктеу) мектепшілік 20 сәуірге дейін өткізіледі;

- екінші кезең (іріктеу) –топтық 25 сәуірге дейін;

- үшінші кезең аудандық (қалалық), аудандық (қалалық) ішкі істер басқармасымен 10 мамырға дейін өткізіледі;

- төртінші кезең– облыстық, Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы мен Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметімен 25 мамырға дейін өткізіледі;

- бесінші кезең (финал) – республикалық, Қазақстан Республикасының Ішкі істер және Білім және ғылым министрліктерімен 20 тамызға дейін өткізіледі.

2. ҚЖИ облыстық байқауы жыл сайын оқу жылының аяғында, мамыр айында өткізіледі.

3. ҚЖИ байқауын өткізу Жұмыс тобына жүктеледі, оны ҚЖИ байқауы өтетін Атырау облысының ПД Жергілікті полиция қызметінің бастығы және облыстық білім басқармасы бастығы бекітеді.

4. Байқаудың тапсырмалары бар билеттер Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметімен дайындалады және Ұйымдастыру комитетімен бекітіледі. Билеттер конвертке салынып, ұйымдастыру комитетінің төрағасымен мөрленеді және әрбір байқаудың басталуы алдында ашылады.

5. ҚЖИ байқауының қортындысын жүргізу Ұйымдастыру комитетіне жүктеледі.

### **3. Жарысқа қатысушылар.**

1. ҚЖИ байқауына қатысушылар, ағымдағы жылы өткізілген аудандық (қалалық) ҚЖИ байқауының жеңімпаз жасақтары болып табылады. Өткен облыстық слетке қатысқан оқушылар келесі өтетін слетке қатыса алмайды. Аудандық кезеңде аталған қатысушылар жеңіске жеткен жағдайда, олар облыстық кезеңде тек конкурстан тыс қатыса алады (ұйымдастыру

Комитетінің қалауы бойынша жекелеген сайыстарда марапатталады, жалпы есепте қатыспайды).

2. Жасақ құрамы ҚЖИ байқауына қатысуға жасы 12-14-ке толық толған оқушылар жіберіледі. Слеттің облыстық кезеңін өткізу кезінде қатысушылар 15 жасқа толмауы керек. Балалардың жасы туу туралы куәлікпен расталады.

3. Команда құрамына 10 адам кіруі керек, оның ішінде: 1) жасақ командирі - 1 бала; 2) реттеуші - 1 бала; 3) велосипедші - 4 бала, олардың 2 баласы (1 ұл, 1 қыз) «Велосипедті мәнерлеп айдау» байқауында және 2 бала (1 ұл, 1 қыз) «Велосипедті автоқалашықта айдау» байқауына қатысады; 4) эрудит – 1 бала Бір адам жеке сынақ көзделетін тек бір байқауға қатыса алады («Велосипедті мәнерлеп айдау», «Жас реттеуші», «Білгірлер турнирі», «Велосипедті автоқалашықта айдау»), яғни бір адам бір мезгілде аталған байқауларда қатыса алмайды, егер медициналық айғақтар бойынша байқауда қатыса алмайтын жағдай болған кезде ғана.

4. ҚЖИ слетінің қатысушылары топ жетекшілерінің алып жүруімен келеді – аудандық (қалалық) жергілікті балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу сұрақтарына жетекшілік ететін қызметкері және ҚЖИ жасағының жетекшісі, білім мекемесінің өкілі. Алдыңғы облыстық слетке қатысқан жалпы білім беру мекемелерінің – ҚЖИ жасағының жетекшілері, слетке үш жылда бір рет жасақтың жетекшілері ретінде қатыса алады.

5. ҚЖИ слетіне жасақтың қатысуы туралы ақпарат ҚЖИ слетінің жұмыс тобына ашылуына дейін 15 күннен кешіктірілмей тапсырылады. Ақпаратты уақтылы тапсырмаған немесе осы Ереженің талаптарын сақтамаған жағдайда Ұйымдастыру комитеті Жұмыс тобының ұсынысы бойынша кез келген жасақты ҚЖИ байқауына қатысудан шеттету туралы шешім қабылдауға құқылы.

6. ҚЖИ слетіне келген әрбір жасақ ҚЖИ байқауының Жұмыс тобына келесі құжаттарды тапсыру керек: 1) облыстық білім беру ұйымдарының, аудандық (қалалық) басшыларының және (немесе) ЖПҚБ-мен бекітілген жарысқа қатысуға арналған атаулы өтініш, өтініштің көшірмесін бір апта бұрын **kabinet\_nvp@mail.ru** жіберілуі тиіс, түпнұсқасын жарысқа бірге алып келінуі тиіс. 2) тууы туралы куәлігінің көшірмесі, Слетке қатысушаның аты, тегі, ауданның (қаланың) атауы көрсетілген бейдж; 3) дәрігермен бекітілген жарысқа қатысуға арналған атаулы анықтама (әрбір қатысушыға);

4) іс-сапар құжаттары (жетекшілер үшін); 5) ЖПҚБ және аудандық (қалалық) білім бөлімінің басшыларының қолы қойылған, балалар арасында жол-көлік жарақаттануын алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру және аудандық (қалалық) ҚЖИ байқауын өткізгені туралы ақпараттық анықтама; 6) Қайту уақыты және тәртібі туралы ақпаратты (күні, уақыты, көлік түрі), қайту билеттеріне тапсырыс беру (егер де олар алдын ала алынбаса); 7). ҚЖИ жасақтарының үгіт бригада байқауында шығу бағдарламасы қағаз жүзінде және электронды тасығышта. Бағдарламаны безендіруде келесідей талаптар ұсынылады: - бағдарламаның титул бетінде білім мекемесінің атауы, өңірі, бағдарламаның атауы, авторлық шығармашылық топтың әр-бір мүшесінің аты жөні, байланыс телефоны және жасау жылы (құрастыру) көрсетілуі тиіс; - бағдарламаның әдістемелік бөлімінде мақсаты, міндеті, мотивациясы көрсетіледі; - бағдарламаның техникалық бөлімінде кейіпкерлер (жүргізушілер), реквизит, спорттық құрал-саймандар, қолданылатын фонограммалар, уақыт шеңберлері көрсетілген жоспар бағдарламасы; - бағдарламаның әдеби бөлімінде қатысушылардың іс-қимылдарын сипаттайтын егжей-тегжейлі бағдарламаның сценарийі; 8) Әр бір қатысушы «Велосипедті мәнерлеп айдау», «Велосипедті автоқалашықта айдау» байқауларында (тізе, шынтак, каска) қорғаныш құралдарымен жабдықталу тиіс. Осы тармақтың орындалу жауапкершілігі жасақ жетекшілеріне жүктеледі. Егер қорғаныс құралдары болмаған жағдайда қатысушылар байқауларға қатысуға жіберілмейді.

7. Жасақтың тапсырған құжаттары және жарысқа қатысушылардың шынайы жастары арасында сәйкессіздік және былтырғы республикалық слетке қатысқаны жөнінде мәлімет айқындалған жағдайда жасақ жарысқа байқаудан тыс қатысады. Егер қатысушы байқаудан медициналық айғақтар бойынша шығып қалса (медициналық қорытынды болған жағдайда жарақат алуына байланысты, ауруы т.с.с), қатысушының жаттығуды орындау кезіндегі жинаған ұпайлары, жалпы командалық есепке ескеріледі. Орындамаған жаттығу үшін, қатысушыға байқаудың басқа қатысушыларының ең аз жинаған ұпайларының санынан 2 айып ұпайын алып тастап ескеріледі. Қатысушыны байқаудың басында ғана ауыстыру мүмкін. Егер, «Саптық байқау», үгітбригада байқауларында қатысушы медициналық айғақтарға байланысты байқаудан шығып қалған жағдайда, жасақтың байқауы жалпы шарттар негізінде бағаланады.

#### **4. Қозғалыстың жас инспекторларының атрибутикасы.**

1) ҚЖИ жасағының әрбір мүшесінде болу керек: 1) Қозғалыстың жас инспектор значогі; 2) жасақ мүшесінің куәлігі; Ескерту: реттеушіде-жезл,

санитарларда-медициналық қобдиша болу керек. 2. Нысанды киімі: 1) насихаттаушылық: көк (немесе басқа да ұқсас түстер) кеудеше (китель) пагондарымен, шалбар (юбка), осындай түстегі пилотка, ақ белбеу және 5 портупея, кеудешенің сол жақ жеңінде бағдаршамның үш түсі бейнеленген көк шеврон, пилоткада-белгі (ақ жиектерімен қызыл шенберлі дөңгелек), омырауда ҚЖИ белгісі; 2) Парадтық: пилотка ақ беретпен ауыстырылады, портупея-ақ аксельбантпен, ақ қолғаптар қосылады; 3) жасақ командирінде сол жақ жеңінде шевроннан жоғары бір үлкен алтын жұлдыз болуы керек. 3. Жасақтың барлық мүшелерінде өздерімен бірге спорттық киімі болуы тиіс.

## **5. ҚЖИ байқауының бағдарламасы.**

1. Байқаудың бағдарламасына 7 байқау кіреді: 1) саптық дайындық; 2) жол жүрісі қағидаларының (бұдан әрі –ЖЖҚ) білгірлері; 3) велосипедпен мәнерлеп айдау; 4) жас реттеуші; 5) жас санитар;6) «автоқалашықта велосипедті жүргізу» ; 7) үгітбригадалар байқауы; 8) білгірлер турнирі (эрудит);

**1. Саптық дайындық байқауы.** 1. Барлық қатысушылар байқауға парадтық киімдерімен шығуы тиіс, Киім кию үлгілерін, куәліктерін тексеру байқаудың ашылу жиынында өткізіледі және бұл байқаудың бағдарламасының уақытына кірмейді. 2. Барлық саптық тәсілдер мен қозғалыстар Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылдың 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери саптық жарғысының» талаптарына сәйкес болуы тиіс ҚЖИ жасағы саптық дайындықты келесі тәртіпте көрсетеді: 1) жасақ 2 колонна бойынша тақпақ және ән айтып саптық адыммен кіреді; 2) “Тараңдар!”, “Бір қатарға сапқа тұр!”, нөмірлік рет бойынша санал!” командалары; 3) Жасақ басшысының баянаты: «Жасақ, тіктел, оңға (солға, ортаға) түзел». Жасақ саптық қалыпты қабылдайды және көрсетілген жаққа басын бұрады. Жасақ басшысы командасын беріп, төте жолмен әділ қазылар төрағасына 6 саптық адыммен өтіп, 2-3 қадам қалғанда тоқтайды, қолын бас киіміне апарып, баяндайды: “Әділ қазы төрағасы мырза!” ..... аудандық (қалалық) қозғалыстың жас инспекторлары жасағы саптағы дайындық байқауына тұрғызылды! Жасақ басшысы – тегі, аты, жөні. “Жасақ басшысы алқа төрағасының қасына барып тұрады. Алқа төрағасы ҚЖИ-мен сәлемдеседі: “**Армысыздар**, қозғалыстың жас инспекторлары!”. Жасақ мүшелері бірге: “**Саулығыңызды тілейміз!**” деп жауап береді. Төраға: “Еркін тұр!” деп бұйрық береді. Жасақ басшысы бұйрықты қайталайды. Төраға: “Басшы қатарға тұрсын!” Жасақ басшысы:

“Құп болады!” – деп өз жасағының қасына саптық адыммен барады; 4) Жасақ құрамымен «Сапқа тұр», «Түзел», «Тік тұр», «Еркін тұр», «Жинақтал», бір қатарға тұру, бірінші-екіншіге саналу, сапта тұрып екі қатарға тұру және қайта бұрынғы қалыпқа келу, орнында тұрып бұрылу, сапта қосылып тұру мен бөліну т.с.с бұйрықтарды орындау. 5) 3 қатарға сапқа тұру, орнында тұрып бұрылу. 6) «Солға!», «Оңға!», «Бұрыл!» саптық тәсілдерді қозғалыста орындау; 7) Салтанатты марш. 3. Көрсетілімнің ұзақтылығы 5 (бес) минуттан аспауы керек. Регламентті сақтамағаны үшін айып баллдары қосылады, көрсетілімнің уақыты белгіленген уақыттан 50 пайызға асып кетсе 1 балл, егер 51-70 пайызға асып кетсе 2 балл, ал 71-ден жоғары пайызға асса 3 балл айып баллдары қосылады; 4) Баллдың ең жоғары саны – 13, оның ішінде 9-ы саптағы қарау үшін, (жасақ басшысының бұйрығы мен баянатына – 2 балл, осы тараудың 1-тармағы 2,5,6, тармақшаларын орындау үшін – 2 балл, салтанатты маршқа – 2 балл, қозғалыста саптық тәсілдерді орындағаны үшін – 3 бал), 2 баллдық жүйе бойынша ҚЖИ-дің нысанды киімі, оның осы ережедегі 4.1, 4.2-тармақшаларына сәйкестігі бағаланады. Қате үшін әрбір кезеңдегі 0,5-1 балл алынады, бірақ бүкіл байқау бойынша 5-баллдан аспауы керек. Баллдың қорытынды саны барлық қазылар алқасының мүшелерімен шығарылған балл суммаларының арифметикалық орта есебі ретінде шығарылады. Жоғары ұпай жинаған командаларға, тек бір бірінші орын, бір екінші орын және бір үшінші орын беріледі (баллдар жүздікке дөңгеленеді (үтірден кейін екі сан), қажет болған жағдайда мыңдыққа дейін. Төртінші орыннан бастап жинақталған ұпайлар ондыққа дейін дөңгеленеді (үтірден кейін бір сан).

## **2. Жол жүрісі қағидаларының (ЖЖҚ) білгірлері.**

1. Жасақ толық құраммен ЖЖҚ бойынша билеттерді шешеді (электронды түрде немесе қағаз тасымалдағышта). 2. Билеттерге ЖЖҚ-нің келесі бөлімдері бойынша сұрақтар кіреді: Жол жүрісі қағидаларының 1, 3-23 бөлімдері, барлық жол белгілері. Әрбір билетте 8 сұрақтан болады, дұрыс жауапқа 2 баллдан қосылады. (баллдардың ең үлкен саны - 16). Есепке жасақтың орта балы және орташа уақыты кіреді. 3. Билетті шешу уақыты – 15 минут.

**3. Велосипедпен мәнерлеп айдау.** 1. Сайысқа 2 велосипедші қатысады. 1 қыз бала, 1 ұл бала қатысады. Есепке барлық қатысушылардың жинаған ұпайларының орташа балының саны кіреді. Сондай-ақ уақыты ескеріледі. Баллдың ең жоғары саны – 12. Әрбір қатысушыда ереженің 3.8 п. сәйкес қорғаныс құралдарында (бас киім, тізеге таққыш, қол таққыш) болуы

міндетті. 2. Сайыс бірнеше сектордан тұрады: 1-сектор – тікелей кедергілер, әр қайсысында төрешілер көмекшілермен, қол және аяқ тежегіштерімен, велосипед, қатысушалыққа арналған 8 орындық орналасқан. 2-сектор – көрермендерге және бейне, фото түсірілімдер түсіруге арналған орындар. 3-сектор – ұйымдастырушылық сұрақтарды шешу үшін бас төрешіге және хабарлап отыру үшін арнайы дыбыс шығару құралына арналған орын. 3. Велосипедті мәнерлеп айдау сайысына 2 жасақ бірдей шығады. Жолдағы кедергілердің орналасуын және әр бір кедергіден кезекпен өту кестесін ұйымдастырушылар тіркеу кезінде береді. 4. Әрбір сайыскер стартқа 20 ұпай бонуспен шығады. Әрбір орындалмаған және дұрыс орындалмаған элемент үшін, жаттығудың күрделілігі мен сапасына байланысты 1 ден 5 ұпайға дейін алынып отырады.

**4. Жас реттеуші.** 1. Байқау 2 кезеңде өткізіледі. 2. Қатысушыларға 6 сұрақтан құралған билет беріледі. Әрбір дұрыс жауап 1 баллмен бағаланады. Баллдың ең жоғарғы саны – 6. 3. Екінші кезеңде қатысушы тәжірибелік тапсырманы орындайды: реттеудің түрлерін көрсетудегі білімін көрсетеді. Бағдаршамның белгілеріне сәйкес реттеушінің қимылын түсіндіреді. Баллдың ең жоғарғы саны – 4. 4. Байқаудың ең жоғарғы ұпай – 10 (6+4).

**5. Жас санитарлар.** 1. Байқауға жасақ толық құраммен қатысады. 2. Байқау екі этаптан (теориялық және практикалық) тұрады. Теориялық этап билеттер бойынша өткізіледі. Билет 7 сұрақтан тұрады. Әр бір қатысушы теориялық сұрақтарға жеке-жеке жауап береді. Практикалық тапсырма барлық жасақ мүшелерімен бірге орындалады. Тәжірибелік тапсырма рөлдік ойындар принципі бойынша өткізіледі: жасақ мүшелері – төтенше жағдайдың «кездейсоқ куәгерлері» - аралас жарақаты бар «зардап шеккендерге» көмек көрсету керек. 3. Қатысушы мыналарды білуі керек: 1) жарақат түрлерін және оларды өңдеу; 2) таңудың түрлерін және оларды өңдеу тәсілдерін; 3) артериялық, веналық және капиллярдың қан ағуы тоқтатудың тәсілдерін; 4) сынғанда, күйгенде, үсіген, естен таңғанда және құлаған кезде алғашқы көмек көрсетудің білімі; 5) жасанды дем алу және жүрекке массаж жасауды білу; 6) зардап шегушіні тасымалдау амалдары мен тәсілдерін білу керек. 4. Әрбір этапқа берілетін жалпы уақыт шектеулі – 15 минут. Теориялық этапта егер қатысушы бақылау уақытында үлгермесе әрбір шешілмеген сұрақ, дұрыс емес жауап ретінде саналады. Практикалық этап бақылау уақыты біткен кезде аяқталады. 5. Тапсырма теориялық және практикалық этаптар бойынша баллдық жүйе бойынша бөлек бағаланады. Теориялық этапта есепке жасақтың теориялық тапсырманы орындауға кеткен орташа ұпайы мен орташа уақыты бағаланады. 6. байқаудың ең жоғарғы

ұпайы – 13 (теориялық этап – жоғары балл 7, практикалық этап – жоғары ұпай 5 балл). 7. теориялық және практикалық этаптар нәтижесімен ең аз орын соммасын алған команда байқаудың жеңімпазы болады.

**6. «Велосипедті автоқалашықта жүргізу» байқауы.** 1. Әрбір қатысушы (жасақтан 2 адам – 1 ұл және 1 қыз) жол жағдайларына нақты жақындатылған жағдайларда жөн таба алатынын көрсете отырып автоқалашықтың арнайы маршруты бойынша велосипедпен жүріп өтуі керек. Әрбір қатысушы жол белгілерінің, таңбаларының, реттеушінің талаптарын сақтай отырып 5 минут ішінде 6 бақылау пункттерін (бұдан әрі-БП) жүріп өту керек. 2. БП өту тәртібі көрсетілген маршруттық парақты жарысқа қатысушылар стартта алады. Жарыста топтан құралған 2 жасақ бір мезгілде қатыса алады. БП аралығындағы қатысушылардың жол жүрісі қағидаларын сақтауын және әрбір қатысушаға ведомостқа белгі қойылуын төрешілер қадағалайды. 3. Егер қатысушы барлық бақылау пункттерін белгіленген уақыттан бұрын өтсе, ол финишке қозғалысын ЖЖҚ сақтай отырып жалғастырады. Уақыт біткендігі жөніндегі белгі берілгеннен кейін қатысушылар кез келген таңдаған маршруты арқылы финишке ЖЖҚ сақтай отырып жүріп барады. 4. Айып ұпайлары келесілер үшін беріледі: бақылау пунктін өткізіп алғаны үшін – 10; авариялық жағдай туғызғаны үшін, соқтығысу, жаяу жүргіншіге соғу, велосипедтен құлау – 5; ЖЖҚ бұзу – 2. Жүріп өтулерден кейін барлық хаттамадағы айып ұпайлары жинақталады. Алынған ұпай санына өтпеген бақылау пункттері үшін есептелген айып ұпайлары қосылады. Бағалау критерийі – бақылау уақытының шеңберінде неғұрлым аз айып ұпайларымен маршрутты орындау. 16 5. Айып ұпайларын аз алған қатысушылар жеңімпаз болады. Айып ұпайлары тең болған жағдайда жүру уақыты ескеріледі. Командалық біріншіліктің нәтижесі жасақтың екі қатысушысының ең төменгі орын суммасымен анықталады. Орындар тең болған жағдайда жасақтың жалпы уақыты ескеріледі. 6. БП көрсетілген автоқалашықтың сызбасы жарыс экранының 1-ші күні ілінеді.

**7. Үгітбригадалар байқауы.** 1. Жасақ толық құраммен қатысады, алдын ала берілген тақырып бойынша өзінің үй тапсырмасын – жол қозғалысы ережелері бойынша музыкалық бағдарламасын және қозғалысқа жас қатысушыларды жолда тәртіпті болуға, тәрбиелеуге бағытталған ҚЖИ жұмысы туралы көрсетеді. Байқаудың тақырыбы жыл сайын республикалық байқаулардың өтуіне 2 ай мерзім қалғанда жарияланады. (2019 жылы байқаудың тақырыбы: «Артқы орындықтарда да қауіпсіздік белдігін тағу керек») 2. Музыкалық бағдарлама ең алдымен насихат түрінде болуы керек. Көрсетілім ұзақтығы 5 (бес) минуттан аспауы керек. Регламентті



сақтамағаны үшін айып баллдары қосылады, көрсетілімнің уақыты белгіленген уақыттан 50 пайызға асып кетсе 1 балл, егер 51-70 пайызға асып кетсе 2 балл, ал 71-ден жоғары пайызға асса 3 балл айып баллдары қосылады. Жазылған дауыс фонограммасын қолдану жіберілмейді, барлық қатысушылар рөлдерді тек “өз дауыстарымен” орындайды. Орындаудың сценарийі мөр басылған түрде және магнитті тасымалдаушыда байқау алдында қазылар алқасына тапсырылады. Міндетті талаптар: орындау ҚЖИ қызметі туралы әнмен (гимнмен) аяқталуы міндетті (бір куплет пен бір қайырмадан кем емес). 3. байқауға ұсынылатын әнге (гимнге) қойылатын талаптар: - байқауға мемлекеттік және орыс тілінде дауыс фанаграммасыз жанды дауыспен айтылатын әндер, «минус» (playback-minus one) фанаграммасы жіберіледі; - әннің сөзі мен әуені позитивті көңіл күйде, патриоттық сипатта, мәтіні байқаудың тақырыбына сәйкес болу тиіс; - туынды кез келген музыкалық жанрда орындалуына болады; - ән бұған дейін коммерциялық іске асқан немесе БАҚ-та жарияланған болмауы керек; 5. Бағалау критерийі: - мазмұны және сюжеттің жаңашылдығы, тақырыпты жеткізудегі бағыттылығы және нақтылығы - 4 ұпайға дейін; - орындау шеберлігі (сөйлеу техникасы, мимикасы, эмоционалды деңгейі, өзара іс-қимыл және орындаушылардың бейнелі-мағыналық өзгерулері), жасақтың шығармашылық бастамасы - 4 ұпайға дейін; - жасақтың сыртқы келбеті, сахнаны безендіруі, деректемелерінің көптігі және қатысушылардың оларды оңтайлы пайдалануы – 3 ұпайға дейін. Ұпайдың ең жоғары саны – 11. Ерекше орындау үшін әділ-қазылар алқасы бір жасаққа қосымша 1 ұпай немесе 2 жасаққа 0,5 ұпайдан қосуына мүмкіндігі бар.

**8. Білгірлер (эрудиттер) турнирі.** 1. Білгірлер (эрудиттер) байқауына 1 адам қатысады. 2. Байқау тестілеу түрінде келесідей тақырыптардың сұрақтары бойынша өткізіледі: ҚЖИ тарихы, ЖЖҚ (дамуы), жолдардың дамуының тарихы, МАИжол полициясының тарихы. 3. Тестіде 20 сұрақ болады, әрбір сұраққа 3 жауап нұсқасы беріледі. Әрбір дұрыс жауапқа 0,5 балл қосылады. Байқаудың уақыты шектелген: 20 минут. Егер қатысушылар бақылау уақытында үлгермесе, әрбір шешілмеген сұрақ дұрыс емес болып есептеледі. 4. Ұпайлардың ең жоғары саны – 10.

Конкурсты ұйымдастыру, сонымен қатар байқауға қатысушыларды қажетті құрал-жабдықтармен, көлік құралымен және т.с.с қамтамасыз ету Слет өтетін аумақтың ІД ЖПҚ жүктеледі.

**ҚЖИ слетінің нәтижесін Ұйымдастыру комитеті қорытындылайды.**

**Слеттің жеңімпаздары мен жүлдегерлері ұпайларды санау жолымен анықталады.** Слеттің әрбір байқауы бойынша ең көп ұпай жинаған 3 ҚЖИ жасағы (командалық есеп бойынша) немесе байқаудың 3 қатысушысы (жеке біріншілікте) жеңімпаз болады. «ЖЖҚ білгірлері», «Велосипедпен мәнерлеп айдау», «Жас санитар», «Білгірлер байқауы» байқауында ұпайлар саны тең болған жағдайда, тапсырмаларды орындауда әр бір қатысушының уақыты ескеріледі.

### **7.Жеңімпаздарды марапаттау**

Жеңімпаз, жүлдегер командалар Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының тиісті диплом, медальдарымен марапатталады.

**Ұйымдастырушылар: Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының алғашқы әскери дайындық кабинеті**

**Тел: 27 24 09**

1-қосымша

**«Жол қозғалысының жас инспекторы» атты облыстық слетіне қатысуға  
ӨТІНІШ**

Білім беру ұйымы

\_\_\_\_\_ (толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы \_\_\_\_\_

Команда жетекшісі \_\_\_\_\_


(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)

### **Қатысушылар тізімі**

<b>№ р/р</b>	<b>Аты-жөні, тегі (толығымен)</b>	<b>Туған күні</b>	<b>Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді</b>	<b>Оқу орны. Байланыс телефоны</b>	<b>Дәрігердің қолы, мөрі</b>	<b>Қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы</b>
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі

**Мектеп оқушыларының  
«Жол қозғалысының жас инспекторы» атты  
облыстық слетіне қатысушының  
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



Спорт түрі \_\_\_\_\_

М.О. мектеп

*(Мектептің мөрі бұрышына басылады)*

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_

Спорт разряды \_\_\_\_\_

Оқу орны \_\_\_\_\_

Мектеп директоры (колледж) \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. қолы)